

Жерасты суларының пайдаланылатын қорлары мен болжамдық ресурстарының СЫНЫПТАМАСЫ (классификациясы)

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар Министрлігі 13 тамыз 1997 ж. N 99 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 15 ақпан N 462 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 28 наурыздағы № 89 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 28.03.2013 № 89 бұйрығымен.

Жерасты суларының пайдаланылатын қорлары мен болжамдық ресурстарының С Ы Н Ы П Т А М А С Ы (к л а с с и ф и к а ц и я с ы)

1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1.1. Сыныптама Қазақстан Республикасының Су кодексіне, Республика Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы", "Лицензия берілуі туралы" заң күші бар Жарлықтарына сәйкес, табиғат қорғау және басқа да шектемелер талаптарын ескере отырып, жерасты суларының зерделенуі және кен орындарының одан әрі зерттелуі (зерттелінуі) және пайдаланылу үшін даярлану дәрежесі бойынша сол сулардың пайдаланылатын қорлары мен болжамдық ресурстарын бағалау мен мемлекеттік есепке алудың Қазақстан Республикасы бойынша бірыңғай принциптерін қолданады.

1.2. Пайдаланылатын қорлар деген ұғым геологиялық-техникалық тұрғыдан негізделген су қабылдағыш құрылыстар арқылы шығарып алуға болатын жерасты суларының көлемі; мұнда су пайдалану (шығару) берілген жүргіде (режимде) және белгілі жағдайларда жүргізілуі, ал судың сапасы есепті су тұтыну мерзімінде табиғат қорғау және суды белгілі мақсатқа ұқсату талаптарын қанағаттандыруы шарт болып табылады.

Болжамдық қорлар - бұл гидрогеологиялық аймақ, өзен алабы және әкімшілік аудан шегінде алуға болатын, сапасы мен жұмсалыу мақсаттары белгілі және пайдалану мүмкіншілігі ықтимал жерасты суларының көлемі.

1.3. Пайдаланылатын қорлар ұқсату мақсатына (ауызсуы, техникалық,

минералдық шипалы, жылу-энергетикалық, өнеркәсіптік сулар) және өнеркәсіптік тұрғыдан пайдаланудың ықтимал бағыттарына сәйкес жеке-жеке анықталып есепке алынады; қорларды есептеу кен орындарында жүргізілген гидрогеологиялық іздестіру-барлау және барлау жұмыстарынан, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған су қабылдағыш құрылыстарды пайдалану тәжірибесінен алынған деректер бойынша жүзеге асырылады.

Жерасты суларының болжамдық ресурстары жалпы гидрогеологиялық тұжырымдар, аумақтық және аймақтық арнайы зерттеулер негізінде бағаланады.

1.4. Мемлекеттік геологиялық сараптамадан өткен жерасты суларының пайдаланылатын қорлары мен болжамдық ресурстары Мемлекеттік есепке алынуда тиіс.

1.5. Басқа пайдалы қазбаларды өндірумен, сондай-ақ жер қойнауын пайдалы қазбалар өндіруден тыс, басқа мақсаттарда пайдаланумен байланысты шығарып алынатын кәріз (құрғату) және ілеспе сулардың пайдаланылатын қорлары мен болжамдық ресурстары, оларды онан әрі іске асыру мүмкіншілігіне, төгу (ағызып жіберу) және қоршаған табиғи ортаға тигізген әсерін бағалау қажеттілігіне сәйкес, Мемлекеттік геологиялық сараптамадан өтуге және Мемлекеттік есепке алынуда тиіс.

1.6. Ауызсудың, техникалық және минералдық шипалы сулардың сапасы Мемлекеттік және салалық қалыптарға (стандарттарға), су пайдаланудың техникалық шарттарына және су тұтынатын ұжымдардың талаптарына қарай бағаланады. Минералдық шипалы сулардың қажетті сапалық көрсеткіштерін (кондицияларын) денсаулық сақтау органдары тарапынан өкілдік алған ұжымдар бекітеді.

Ауыз суын ішу мен тұрмыста тұтынудан басқа мұқтаждыққа пайдалануға, әдетте, жол берілмейді, ол өте сирек жағдайда жер қойнауын реттеу, пайдалану және қорғау органдарының рұқсатымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Орнатылған тәртіппен шипалы суға жатқызылған минералдық сулар ең алдымен емдеу мақсаттарында пайдаланылады, оларды басқа мақсатқа пайдалануға сирек жағдайда арнайы өкілдік берілген мемлекеттік органдар рұқсат етеді.

Өнеркәсіптік және жылу-энергетикалық сулардың сапасы, оларды кешенді пайдалану және қоршаған табиғи ортаны қорғау талаптарын сақтай отырып, осы суларды өндіру және өңдеу ісінде ең ұтымды әрі тиімді әдістерді қолдану негізінде әзірленген қажетті сапалық көрсеткіштерге (кондицияларға) сәйкес бағаланады. Экономикалық тұрғыдан негізделген қажетті сапалық көрсеткіштер (кондиция параметрлері) орнатылған тәртіппен бекітіледі.

1.7. Жерасты суларының қорлары мен ресурстары текше (метр³/тәулік) өлшемімен саналып есепке алынады. Өнеркәсіптік сулардағы негізгі және ілеспе

құраластар тоннамен бағаланады; бұл кен орнын есепті мерзімде пайдаланғанда, суды өңдеу барысында болатын ысырапты есептемегенде, шығарылатын өнім. Жылу-энергетикалық сулардың кен орындары бойынша, пайдаланылатын қорымен бірге, кен орнының қуаты бағаланады (жылдық гигаджоуль, тонна ш а р т т ы о т ы н ө л ш е м і м е н) .

1.8. Осы сыныптама қолданылып жүрген заңдылық негізінде Қазақстан Республикасы аумағында жерасты суларының пайдаланылатын қорлары мен болжамдық ресурстарын зерделеу мен бағалауға байланысты гидрогеологиялық жұмыстар жүргізетін, иелік ететін меншенің түріне (меншік иесіне) және идаралық (ведомстволық) қатыстығына қарамай, барлық ұжымдар үшін міндетті қ ұ ж а т б о л ы п т а б ы л а д ы .

1.9. Бұл сыныптаманы әртүрлі мақсатта пайдаланылатын жерасты суларының кен орындарына арнайы (қатысты, сәйкес) қолдану орнатылған тәртіп бойынша бекітілген құқылық нормативтік актылар арқылы жүзеге асады.

2. Кен орындарының (телімдердің) зерделену (зерттелу) дәрежесі бойынша топтары

2.1. Зерделену дәрежесі бойынша жерасты суларының кен орындары (телімдері) мынадай топтарға бөлінеді:

- игерілгендер;
- барланғандар;
- бағаланғандар (айқындалғандар).

2.2. Игерілгендерге үнемі не үзілді-кесілді пайдаланылып тұрған жерасты суларының кен орындары (телімдері) жатады; олардың пайдаланылатын қорлары , судың сапасы мен көлемі, сондай-ақ су алыну жағдайлары жүргілік (режимдік) бақылау деректері, санитарлық-гигиеналық, су қорғау экологиялық тексерістер (пайдалану барысындағы барлау) бойынша анықталған. Игерілген кен орындарының (телімдердің) жерасты суларының қорлары А категориясы, кейбір жағдайда В категориясы бойынша бағалануға тиіс.

2.3. Барланғандарға өнеркәсіптік тұрғыдан игеруге қосу тәртібі мен шарттары туралы шешім қабылдауға негіз болу үшін жеткілікті дәрежеде зерделенген (зерттелген) кен орындары (телімдер) жатады. Барланған кен орындарының (телімдердің) жерасты суларының қорлары В категориясы бойынша бағалануға т и і с .

2.4. Бағаланғандарға (айқындалғандарға) нақтылы тұтыну қажеттілігі (

сұранысы) немесе іріленген техникалық-экономикалық есептеу негізінде өнеркәсіптік маңызын және онан әрі барлауға тұратындығын негіздеуге болатындай дәрежеде зерделенген (зерттелген) кен орындары (телімдер) жатады. Мұндай кен орындарының жерасты суларының қорлары C1 және C2 категориялары бойынша есептелуге тиіс.

3. Жерасты суларының пайдаланылатын қорлары мен болжамдық ресурстарының категориялары

3.1. Жерасты суларының пайдаланылатын қорлары зерделену (зерттелу) дәрежесі бойынша игерілгендерге (А және В категориялары), барланғандарға (В категориясы) және бағаланғандарға (C1 және C2 категориялары) бөлінеді. Жерасты суларының болжамдық ресурстары негізделу дәрежесі бойынша Р категориясы жатады.

Қорлардың әр категориясы кен орындарын онан әрі зерделеуге (зерттеуге) және игеруге даярлау барысында жобалық шешімдердің белгілі сатыларын орындау үшін негіз болады.

3.2. А категориясына жататын қорлар жерасты суларының барланған қорларының игерілу дәрежесін бағалау, су қабылдағыш құрылыстарын жаңарту жобасын жасау және пайдалану деректері бойынша су пайдалану құқығын жаңа мерзімге ұзарту үшін қолданылады, олар төмендегі талаптарды қанағаттандыруға тиіс:

- ұзақтығы жағдайлардың күрделілігімен анықталатын пайдалану нәтижелері бойынша есептелген (пайдалану барысындағы барлау), су қабылдағыштан алынатын су мөлшері (көлемі) мен деңгейінің төмендеуі пайдалану және бақылау скважиналарында жүргізілген жүргілік (режимдік) бақылаулардан алынған деректер бойынша анықталған;

- олардың мөлшері (көлемі) жұмыс істеп тұрған су қабылдағыш арқылы нақтылы алынған су көлеміне тең; осы мөлшердің (шаманың) келесі пайдалану мерзімінде сақталу мүмкіндігі пайдаланылатын қорларды түзетін негізгі су көздерін сан мөлшерімен дәйекті бағалау арқылы жобалық есептеумен расталған;

- жерасты суларының сапасы бүкіл пайдалану мерзімінде зерделенген (зерттелген) және суды, алдын ала дайындауда қолданылып жүрген әдістерді ескере отырып, көздеген мақсатқа ұқсату талаптарын (стандарттарын, қажетті сапалық көрсеткіштерін) қанағаттандырады; оның бүкіл келесі пайдалану мерзімінде сақталу мүмкіндігі расталған;

- өнеркәсіптік және жылу-энергетикалық сулардың технологиялық қасиеттері оларды өңдеу және құнды құрылыстарды кешенді түрде өндіріп алу үшін ең

ұтымды техникалық сызбаларды (схемаларды) таңдап алуды қамтамасыз етерліктей мұқияттықпен зерделенген (зерттелген);

- жұмыс істеп тұрған және барланған су қабылдағыштарға және беттік су көздеріне су алудан тиетін әсер пайдалану тәжірибесі бойынша сенімді түрде анықталған;

- жерасты суларын алудың қоршаған табиғи ортаға тиетін әсері ретімен әр дайым жүргізілген жүргілік бақылаулар нәтижелері бойынша, қолданылып жүрген табиғат қорғау шараларының нәтижелігін анықтауға, және, қажет болса, қосымша, есесін толтыратын, шараларды жобалап жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндей дәрежеде бағаланған.

3.3. В категориялары қорлар су қабылдағышты жобалау және жерасты суларын пайдалануға құқы беретін құжаттарды ресми әзірлеу үшін негіз болып табылады; олар мынадай талаптарды қанағаттандыруға тиіс:

- қалыптасқан су шаруашылық жағдайды, оның көзделген өзгерістерін, қоршаған ортаға тигізетін әсерінің белгіленген тиісті шектерін ескере отырып, келісілген жоба тармақтарына (схемасына), су қабылдағыш құрылыстарының конструкциясына, берілген су тұтыну мен су алу кестесіне (тәртібіне) сәйкес есептелген;

- қорларды есептегенде қабылданған скважиналардан шығатын жобалық су мөлшерінің күмәнсіздігі бұрғылау және тәжірибелік-сүзгілік жұмыстардың нәтижелерімен, оған қоса, жағдайлардың күрделілігіне қарай, жеке дара, шоғырланған, топталған, пайдалану-тәжірибелік скважиналардан су тарту барысында алынған деректермен расталған;

- қабылданған пайдалану тармағына (схемасына) және алынатын су шамасына сәйкес жерасты суларының пайдалану қорларын түзетін су көздері саны мен бағаланған;

- жерасты суларының сапасы барлық көрсеткіштер бойынша көздеген мақсатқа ұсату талаптарына сәйкес зерделенген (зерттелген); су тұтынудың есепті мерзімінде сулардың сапасы тұрақты болатындығы немесе талап қойылатын шектен шықпайтын шамада өзгеретіндігі дәлелденген;

- су қабылдағышты пайдалану, бақылау скважиналарының торын орнату және санитарлық тұрғыдан қорғау белдеулерін негіздеу (ауызсу үшін) туралы ұсыным-кеңес берілген;

- өнеркәсіптік және жылу-энергетикалық сулардың технологиялық қасиеттері суларды өндеудің немесе пайдаланудың технологиялық тармақтарын (схемаларын) жобалау үшін жеткілікті алғашқы (бастапқы) деректер алуды қамтамасыз ететіндей дәйектілікпен (мұқиятпен) зерделенген; суларды кешенді түрде пайдалану және өнеркәсіптік маңызы бар пайдалы құраластарды өндіріп алу мүмкіншілігін анықтайтын деректер алынған;

- су тұтынудың есепті мерзімінде белгіленіп отырған су алудың жұмыс істеп тұрған және барланған су қабылдағыштар мен жер бетіндегі су көздеріне тигізетін әсері бағаланған;

- кен орнын (телімді) пайдаланғанда қоршаған ортаға әсер ету мүмкіндігі қарастырылған; пайдаланған өнеркәсіптік, жылу-энергетикалық және минералдық шипалы суларды жіберу (төгу) жағдайлары анықталған; су алудың зиянды экологиялық салдарын болдырмауға немесе олардың деңгейін төмендетуге арналған шаралардың жобасын жасау үшін бастапқы деректер алынған.

3.4. C1 категориялы қорлар жерасты суларының кен орындарын барлау керектігін негіздеу, сондай-ақ барлау жұмыстарының жобасын жасау үшін арналады. Бір қатар жағдайларда C1 категориялы қорлар жерасты суларын қажетті кен орнын пайдалануға қосуға негіз бола алады, атап айтқанда:

- B категориясын айқындау үшін су қорларын қажетті дәйектілікпен зерделеу үлкен және ақталмайтын шығын туғызатын күрделі гидрогеологиялық жағдайларда;

- су тұтыну қажеттілігі көп емес (тәулігіне 1000 м³-ге дейін), аудан орталықтарынан басқа объектілер, сондай-ақ минералдық суларды өндіру үшін;

Барлық жағдайларда кен орнының зерделенуі оны пайдаланғанда қоршаған табиғи ортаға тиетін әсерді күмәнсіз бағалау мүмкіншілігін қамтамасыз етуге тиіс.

C1 категориялы қорлар мынадай талаптарды қанағаттандыруға тиіс:

- кен орны не оның телімдері шегінде су қабылдағыштың жобалық тармағына (схемасына) және белгіленген су тұтыну қажеттігіне сәйкес есептелген;

- қорларды есептегенде қабылданған есептік су шығу мөлшерінің күмәнсіздігі жеке скважиналарды бұрғылау және сынама алу, жағдайлардың күрделілігіне қарай, олардан қысқа мерзімді сынама және тәжірибе ретінде су тарту барысында алынған деректер бойынша негізделген;

- жерасты суларының пайдаланылатын қорларын түзетін су көздері су қабылдағыштың қабылданған шартты тармағына сәйкес жерасты суларын алу қамтамасыздығын бағалауға болатындай шамалы дәрежеде зерделенген;

- жерасты суларының сапасы, сондай-ақ есепті мерзімде су тұтыну барысында оның өзгеруі оларды белгілі мақсатта пайдалану мүмкіндігін негіздейтіндей дәрежеде зерделенген;

- өнеркәсіптік және жылу-энергетикалық сулардың технологиялық қасиеттері суларды ұтымды және кешенді пайдалану және пайдалы құраластарды өндіру үшін бас бағытты өңдеу тармағын (схемасын) таңдап алуға қажетті толықтықпен бағаланған;

- су алу шарттары және оның қоршаған табиғи ортаға, жердің асты мен

бетіндегі су көздеріне тигізетін әсері жерасты суларын пайдалану мүмкіншілігін және геологиялық-экономикалық тұрғыдан керектігін (ақталатындығын) негіздеу үшін, сондай-ақ табиғат қорғау шараларының басты бағыттарын анықтау үшін жеткілікті дәрежеде зерделенген.

3.5. С2 категориялы қорлар іздестіру жұмыстарының нәтижесі немесе жете зерделенген кен орындарына ұқсастық бойынша, сондай-ақ іздестіру-бағалау және барлау жұмыстары барысында бағаланған немесе барланған кен орындарының жоғарғы категориялы қорларына қоса есептеледі. Олар жерасты суларын кен орындарының пайдалану мүмкіншіліктерін бағалауға арналған.

С2 категориялы қорлар мынадай талаптарды қанағаттандыруға тиіс:

- жерасты суларын кен орындарының барлық аумағы бойынша су пайдаланудың шартты жалпыланған тармақтарының есептік қуатына (өнімділігіне) сәйкес, сондай-ақ жерасты суларының балансы немесе гидрогеологиялық ұқсастық бойынша есептелген;

- скважиналардың есептік су бергіштегі іздеуге және картаға түсіруге арналған бірен-саран скважиналарды сынамалау нәтижелерімен негізделген;

- қорлардың түзілу жағдайлары зерделенудегі кен орны шегінде су алудың ықтимал мүмкіншілігін бағалауды қамтамасыз етердей дәрежеде зерделенген;

- су сапасы бірен-саран сынама бойынша зерделенген, ол суды белгілі мақсатқа жұмсау талаптарын қанағаттандырады;

- су алу жағдайлары геологиялық-экологиялық тұрғыдан пайдалану салдарын және экономикалық тиімділігін жалпы сипатта бағалау мүмкіншілігін қамтамасыз ететіндей дәрежеде зерделенген.

3.6. Р категориялы болжамдық ресурстар - сапасы мен жұмсалыу мақсаты белгілі, шаруашылықта пайдалану үшін болашағы бар, баға беріліп отырған өнім бергіш қабат шегінен шығарып алуға болатын жерасты суларының мөлшері (көлемі). Бұл ресурстар жерасты суларын пайдаланудың ықтимал мүмкіншіліктерін, мұның ішіндегі су тұтынушылардың жобаланған не шартты түрде орналасқан тармақтарына (схемаларына) сәйкес пайдалануын сипаттайды. Олар жерасты суларының кен орындарын ашуға болашағы бар аумақтарда іздестіру және барлау жұмыстарын жобалауға, сондай-ақ су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау тармақтарын, су шаруашылығы балансын жасауға негіз болады.

Болжам ресурстар аймақтық геологиялық-гидрогеологиялық, гидрогеологиялық, су балансы, гидрохимиялық және геофизикалық зерттеулер нәтижесінде, көбіне су ресурстарының түзілу жағдайлары туралы жалпы теориялық қағидалар негізінде бағаланады.

4. Жерасты суларының пайдаланылатын қорларының топтары

4.1. Жерасты суларының пайдаланылатын қорлары игерілу жағдайларына, сондай-ақ шаруашылық және экономикалық маңызына қарай екі топқа бөлінеді, олар жеке-жеке саналып (анықталып) есепке алынуға тиіс.

4.2. Баланстық қорлар. Оларды пайдалану қажеттігі барлық геологиялық-экономикалық, технологиялық және тазалық-санитарлық факторларды ескере отырып, арнайы техникалық-экономикалық негіздеу деректері бойынша анықталған, ал оларды пайдалану мүмкіншілігі табиғат қорғау мәселелерін орнатылған заңды тәртіппен қарап, тексеріп отыратын республикалық және аймақтық органдар тарапынан расталған.

Ауызсуы, техникалық және минералдық сулардың баланстық қорларын айқындауға (бөлуге, ажыратуға) тұтыну, емдеу және емге ішу үшін анықталған су қажеттілігі, олардың сапасы стандарттар мен тұтынушылар талаптарын қанағаттандыруы негіз болып табылады.

4.3. Баланстан тыс қорлар. Олар су қабылдағыш жобасымен тікелей байланыспаған, техникалық-экономикалық, технологиялық және экологиялық себептермен бағалау кезінде пайдалануы қажет деп танылмаған қорлар. (Жерді иеліктен ажырату мүмкіндігі жоқ, күрделі кен-геологиялық жағдайлар, табиғат қорғау шектемелері, суды алдын ала даярлау немесе пайдалы құраластарды өндіріп алу технологиясының болмауы, социалдық-экономикалық жағдайдың (конъюнктураның) өзгеруі, беттік ағымды реттеу қажеттігі т.с.с.).

Баланстан тыс қорлар оларды кейіннен пайдалануға қосу мүмкіншілігі, мұның ішінде олардың мөлшері мен сапасының сақталу мүмкіндігі дәлелденсе, сондай-ақ суды өндіру, өңдеу және алдын ала дайындау техникасы мен технологиясын жетілдіру мүмкіншілігі анықталса ғана саналып есепке алынады. Баланстан тыс қорларды есептегенде олар баланстан тыс тобына жату себептеріне қарай бөлінеді (ажыратылады).

5. Жерасты суларының пайдаланылатын қорларын пайдалану (іске асыру) жағдайлары

5.1. Жерасты суларының кен орындарын (телімдерін) өнеркәсіптік тұрғыдан игеру А немесе В категориялары, ал кей жағдайда, 3.4 тармақтарына сәйкес, С1 категориялы қорлары негізінде жүзеге асырылады.

5.2. Қорларды есептеу жөніндегі материалдар мемлекеттік геологиялық сараптама тарапынан тиісті оң шешім қабылданғанда, рұқсат етілген құжаттама болғанда және уәкілдігі бар мемлекеттік органдармен келісілген жағдайда жерасты суларының кен орындары жер қойнауын геологиялық тұрғыдан онан әрі зерделеу (зерттеу) немесе игеру үшін беріледі.

5.3. Мемлекеттік геологиялық сараптама мынадай жағдайларда қайтадан жүргізіледі ;

- геологиялық барлау жұмыстарын немесе пайдалану нәтижесінде алынған деректер бойынша қорлар бір категориядан екінші категорияға ауыстырылғанда және су тұтынудың есептік мерзімі аяқталғанда;

- кен орнын барлау және пайдалану барысында оның өндірістік тұрғыдан бағалануына елеулі әсер ететін және лицензия берілу шарттарын бұзатын қосымша табиғи, экономиялық немесе экологиялық факторлардың айқындалуы, сондай-ақ қорларды есептегенде уақытта орын алған су шаруашылық, санитарлық және экологиялық жай-күйдің өзгеруі;

- баланстан тыс қорлардың баланстық қорларға ауыстырылуы;

- сараптама тарапынан бұрын қабылданған қорлардың растанбауы;

- пайдаланудағы кен орындарынан алынған су көлемі бекітілген қорлардың қосынды шамасынан 20%-тен астам артуы;

- жерасты суларының сапасы жөнінде қажетті сапалық көрсеткіштердің (кондициялардың), стандарттар мен техникалық шарттар талаптарының қайта қаралуы, оларды пайдалану мақсатының өзгеруі, сондай-ақ пайдалы құраластарды бөліп алу технологиясының түбегейлі өзгерістерге ұшырауы.

5.4. Өнеркәсіптік игеруге қосылған жерасты суларының кен орындарында (телімдеріне) олардың жай-күйі туралы мониторинг жүргізілуі тиіс.